		эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.
	Мүсіндеу «Шарбақ жанында жатқан доп»	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
	Жапсыру «Күн ойнап тұр, күлімдеп»	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.
	Құрастыру «Зымыран» «Бақа»	- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту.

		Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.
	Музыка «Туған ел» «Тал ағаш» «Қоңыраулар сыңғыры» «Достық шеңбері» «Дауылпаз дабылы» «Жеңіс күнін тойлаймыз»	- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Е.Тиличеева «Ұшақ»; Е.Тиличеева «Күннің де достары

		бар"; В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры». Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Б.Бейсенова «Жау, жау, жаңбыр»; Б.Бейсенова «Туған елім»; Б. Бейсенова «Көктем келді»; И. Нүсіпбаев «Дос болайық бәріміз». Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. М. Раухвергер «Әуе шарларымен би»; Е. Обухова «Қуыршақ»; Б.Сметана «Полька»; «Қолды көрсет» латыш халық полькасы; В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры». Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.

		Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Тексерілді:

Бекітемін
ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақшасы
Меңгерушісі: Б.Байболатова

2026 - 2027 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Мектепке дейінгі ұйым: «Балеркем»бөбекжай балабақшасы
Топ: ортаңғы топ: «Балдәурен»
Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): мамыр, 2026 - 2027 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене тәрбиесі «Соқ, барабан!» «Соғамын барабанымды» «Көктемгі гүлдер» «Гүлдей жайнап бәріміз» «Көркі ғажап көктем» «Зырылдайды трактор» «Шаршағанымызды басайық» «Егіншілік» «Шығамыз жазда» «Жадырайды жанымыз» «Шомыламыз мәз болып»	Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Негізгі қимылдар. Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу. Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойымен жүру, тура жолмен, қырлы тақтайдың бойымен жүру. Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру, оң

		және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, доғаның астымен, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру, сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Аяққа арналған жаттығулар: - аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; - қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; - отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.

		Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру

		тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.
	Тіл дамыту және көркем әдебиет «Көктем жұмбақтары сөздік жаттығулары.» «Бір бидай – бес қап ертегісін әңгімелеу.» «Кемпірқосақ суретімен танысу»	- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; - әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор. Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
		- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру.

		Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
	Қазақ тілі «Жердің көркі - гүл». Гүлдер әлемінде. "Адамдардың көктемгі еңбегі" Жайдары жаз келді!	- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу. Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу.

		Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.
	Математика негіздері «Құлыншақтарға сыйлықтар» «Балабақшаның қызықтары»	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету; - заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу; - командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; - көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. Сан. «Көп», «біреу» ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: «көп – біреу» («Тұрғындарды «Көп» және «Біреу» деген екі үйге орналастыр»), біртекті заттарды топтастыру және олардың ішінен біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша? Неше?» деген сұрақтарға жауап беру. Заттарды салыстыру. Заттарды қосу немесе заттар тобынан заттарды алу арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» деген сұрақтарға жауап беру. «Гүлдерді гүлзарларға отырғызайық», «Бақша егеміз», «Барабанның ырғағына сәйкес сарбаздарды сапқа тұрғызайық», «Гүлдегі қанқыз», «Құлындарға сыйлықтарды тең бөліп берейік». Шама. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды шаманың берілген белгісі (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы) бойынша бір затты екінші затпен салыстыру арқылы салыстыру. Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша белгілеу: ұзын – қысқа, бірдей, тең («Тәттілерді тауып көрейік»); ені бойынша: кең

		– тар, бірдей, тең («Тәттілерді тауып көрейік»); биіктігі бойынша: биік – аласа, бірдей, тең («Пирамидаларды салыстырайық»); жалпы шамасы бойынша: үлкен – кіші («Шамасы бірдей жұпты тап»). Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, аталған фигураларды сипап сезу және көру арқылы зерттеуге мүмкіндік беру («Бақша егеміз»). Кеңістікті бағдарлау. Өз дене мүшелерінің орналасуын бағдарлау және өзіне жақын кеңістіктегі бағыттарды анықтау: жоғарыда – төменде, алдында – артында, оң жақта – сол жақта («Естігеніңді орында», «Пирамида қай жерде тұр?», «Құлындарға сыйлықтарды тең бөліп берейік»). Уақытты бағдарлау. Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін ажырата білу: күндіз – түнде, таңертең – кешке («Қонжықтытың бір күні»).
	Қоршаған әлеммен таныстыру «Әскер» «Балабақша ауласындағы ағаштар»	Бала, оның отбасы, үйі. Өзін, құрдастарын балалар қоғамының мүшелерінің бірі ретінде атауға, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалауын және өзін-өзі бағалауын, ойын міндеттерін шешу тәсілдерін дамыту. Балаларды жақындарына, құрдастарына қамқорлық көрсетуге баулу (ойыншықтарымен бөлісу, киімін әперу, киімінің түймесін тағуға көмектесу). Дербестік дағдыларын қалыптастыру: киіну, жуыну. Заттық әлем. Заттарды атау және ажырату, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру және зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін сипап сезу арқылы ажырата білу қабілетін дамыту («Қандай ойыншық жасырынды?»). Заттарға, ойыншықтарға, кітаптар мен ыдыстарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу (үстел басында дұрыс пайдалану, белгіленген орнына қою). Әртүрлі заттардың атауларын сөйлеу барысында белсенді қолдану, заттардың атқаратын

		қызметтерін түсіну, белгілі бір заттар тобына жататын заттарды ажырату (көлік ойыншықтары («Көлік» лотосы), құрылыс материалдары («Қалашық саламыз»)). Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету («Ойыншықты әкел»). Көлік, байланыс құралдары. Жаяу жүргіншілер мен көлікке қатысты қарапайым ережелерді бекіту («Гараждар», «Торғайлар мен автомобиль», «Бағдаршам»). Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегін бақылау негізінде балаларды ойын әрекетіне ынталандыру (аула сыпырушы, дәрігердің тексеру жүргізуі). Балалардың мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешінің көмекшісіне (сөрелердің шаңын сүрту, үстелдерге қасықтарды орналастыру), аула сыпырушыға (бұтақтарды жинау) көмек көрсетуін ұйымдастыру. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, қажетті материалдарды дайындауға, қолданғаннан кейін ойыншықтарды, кітаптарды және заттарды өз орнына жинауға баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «жақсы» немесе «жаман», «дұрыс» немесе «дұрыс емес» әрекеттер туралы қарапайым түсініктерді дамыту; әлеуметтік және эмоционалдық зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал әрекеттерге аудару (ойын жағдаяттары бойынша әңгімелесу). Менің Отаным – Қазақстан. Тұратын жері, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы түсініктерін бекіту. Балалардың туған өлкесіне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу, айналасындағы ересектерге сүйіспеншілік танытуға, балаларға үнемі қамқорлық көрсетуге үйрету (жайлау, бақбақ және ойыншықтар туралы өлеңдер оқу). Балалардың жалпыға ортақ ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету: амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету. Балабақшаның бөлмелері мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға

		баулу. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру (күн жылынды, күн жарқырайды, аспан көк түсті, жәндіктер пайда болды, аралар, ара көбелектер ұшып жүр, қараған, алма ағашы, бақбақ гүлдеді; бұтақтарда жапырақтар пайда болды). Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері (шетен, емен, алма ағашы, қайың, терек; бақбақ, інжугүл, пион), бөлме өсімдігі (герань) туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру, өсімдіктердің бөліктерін ажырату. Жануарлар әлемі. Жәндіктер (көктемде: қоңыздар, жұлдызқұрттар, көбелектер, аралар) туралы білімдерін бекіту, көктемде ұшып келетін құстармен (қарлығаш, көкек) таныстыру. Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын дамыту (аквариумдағы балықтарды қоректендіру және т.б.). Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Көктемдегі ауа райының жағдайын анықтау (жылы, ыстық), көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылау, көктемгі кезеңдегі ауа райының жағдайын бақылау күнтізбесіне белгілеу (күн ашық, желді, бұлтты, жаңбыр жауып тұр, найзағай). Балалардың жалпыға ортақ ережелер мен мінез-құлық нормаларын меңгеруі. Топта қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: терезенің алдына шықпау, розеткаларға жақындамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау: жануарларға жақындамау, бұтақтарды сындырмау, бұталарды айналып өту, жолға шықпау, шалшық суларды баспау, жерге түсіп қалған заттарды көтермеу. Ойын алаңында және құммен, сумен, ұсақ заттармен ойнау кезінде қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру: құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа және мұрынға тықпау.

	Сурет салу «Әскери көлік» «Дала гүлдері» «Бұлттар» «Күлімдеген балалар»	- бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
	Мүсіндеу «Кемпірқосақ»	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
	Жапсыру «Қошақаным қайда екен?»	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің

		эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
	Құрастыру «Шерудегі көліктер» «Құлыншақ»	- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
	Музыка «Табиғаттың сәні – гүл» «Бидай» «Дән терейік» «Алақай, жаз келді!»	- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Д. Кабалевский «Сайқымазақтар»; Г. Лобачев «Жаңбыр»; «Камажай» қазақ халық әні; Б.Бейсенова «Тәрбиеші». Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.

		Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Ж. Тезекбаев «Жеңіс күнін тойлаймыз»; М. Арынбаев «Топ-топ балақан»; Б.Бейсенова «Жау, жау, жаңбыр»; Н.Әлімқұлов «Ойыншықтар». Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. М.Бекенов «Джигитовка» қазақ ұлттық әуені; И. Кишко «Шарлар»; Д. Кабалевскийдің «Труба мен барабан»; К.Қуатбаев «Көңілді би», А. Матлина «Сылдырмақтармен би»; Б.Бейсенова "Тұлпарым". Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.

		Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Тексерілді: Мах

Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі
Б. Байболатова

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым «Балеркем» бөбекжай балабақшасы
Топ: ортаңғы топ: «Балдәурен»
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 01.09.2026 ж. - 04.09.2026 ж.
Педагогтің аты-жөні: Махмудова И

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
		01.09.2026ж	**02.09.2026ж**	**03.09.2026ж**	**04.09.2026ж**
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы: «Жаныңызға жақын жұмысты таңдаңыз, сонда өміріңізде бір күн де жұмыс істеуге мәжбүр болмайсыз.» Конфуций					
Балаларды қабылдау 08.00-08.30		Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен

		қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен "Қайырлы таң!"- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін «Кеш жарық!» - деп кіремін. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)	қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. "Қайырлы таң" https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/video/8/file/0PBtgzZUyE.mp4 (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу «Армысың шапағатты, Күн-Ана!» Армысың шапағатты, Күн-Ана! Армысың қайырымды, Аспан-Ана! Армысың мейірімді, Жер-Ана! Құт дарыт, бар әлемді жарылқа! (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)	қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу «Достық» шеңбері. Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Табиғатты қорғаймыз. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен		"Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты туралы". Балабақшаға экскурсия (бару, виртуалды)	"Баланың қандай тағамға аллергиясы бар?"	Әңгімелесу. "Балабақша ережелері" Қазақстан халқы Тілдері күнін өткізу.	"Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу.

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперимент алдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)		1 қыркүйек - Білім күні «Балабақша - жайлы мекен» «Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: Аквариумдағы балықтарды қоректендіру. Мақсат-міндеттері. Балыққа қамқорлық жасауға дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылық таныту. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау. (музыка, қоршаған әлеммен таныстыру)	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу; әр заттың өз орнын есте сақтап, қайта орнына қоюға үйрету; өзгеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Мен кіммін? Бұл кім?" жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу; көмек көрсету ниеттерін қолдау. Санамақтар айтқызу. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. М. Қуанышбеков "Санамақ". Екі көз бен қос құлақ Бір бас пенен бір мұрын Нешеу болды қос	Қазақстан халқы тілдері күні "Тілім менің тірегім" атты тақырыбында әңгімелесу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі) «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Бөлме өсімдіктерін суару». (еңбекке баулу, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану, өсімдік бөліктерін тану; көмек көрсету ниеттерін қолдау, өсімдіктерді суаруға баулу; қамқорлыққа тәрбиелеу.

		Мақсат-міндеттер. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. "Суретті құрастыр" үстел үсті ойыны. (қоршаған ілемемен таныстыру, жапсыру) Мақсат-міндеттері. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін	"Мен" бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету; ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру. Балаға өзі бала деп айтқызу. Атын, жасын айтқызу. Ойыншығын көрсеткізу, атату. Жанындағы баланың атын, онымен ойнайтынын айтқызу. Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге үйрету. Нағима Арынова «Мысығым». Тікірейіп құлағы,	шырақ, Санап шығар кім бұрын?! Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілің ... Нешеу болды қане, бол, Санап шығар кім бұрын?! Сұқ саусағым суға барды Ортаң қолым орақ орды. Аты жоғым ағаш жарды, Жұмсамапты алақаным, Тек шынашақ-балапанын. "Қонжықтың күн тәртібі" дидактикалық ойыны. (математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауға баулу: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Күн	Музыкалық-дидактикалық ойын. «Қуыршақ Әйгерімнің сыйлығы». (қоршаған әлеммен таныстыру) Міндеттер: Ойын ойнау арқылы шапшандыққа, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту. Барысы: Қуыршақтың сыйлық шарлары таратылып беріледі. Балалар ол шарларды үрлеп, түсін айтады. Үрленетін шарлардың түстері үш түрден аспауы керек. Қандай түсті шардың кем екенін балаларға айтқызу. Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Жаңа өлеңдерді тыңдай

		(бөлшектенген суреттерінен тұтас бір бөлікті құрастыру) жасау. Дамытушы мультфильмдер: Жуыну әні (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау, ұқыптылыққа баулу; "салауатты өмір салты" туралы алғашқы түсініктер беру. https://bilimkids.kz/kk/media/video/umyvaemsya-vmeste	Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп, Беті-қолын жуады. Қасымнан бір қалмайды, Көзін қысып алдайды. Ойнатсам да күнімен, Ойыны бір қанбайды.	тәртібін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту.	білуге үйрету. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ. Ойыншықтар тыңдайды, Әмір беріп бұйырсақ. Қуыршақтар ұйықтайды, Айтқаныңнан шықпайды Ал, қозы мен құлыншақ Ұйықта десең ұқпайды. (Н. Әлімқұлов)
Ертеңгілік жаттығу		Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сиятын текшелермен) 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сиятын текшелермен) 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сиятын текшелермен) 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сиятын текшелермен) 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын

		алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне! " "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді;	алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне! " "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді;	алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне! " "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді;	алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне! " "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді;

		1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене тәрбиесі, дербес әрекет)	1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене тәрбиесі, дербес әрекет)	1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру, дербес әрекет)	1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене тәрбиесі, дербес әрекет)
Таңғы ас 08.30-09.00		Гигиеналық дағдылар Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау	Гигиеналық дағдылар Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау	Гигиеналық дағдылар Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау	Гигиеналық дағдылар Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау

		дағдыларын қалыптастыру. Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.. Ас - адамның арқауы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	дағдыларын қалыптастыру. Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Айтқан тілді аламыз. Тамақ ішер алдында Тып-тыныш отырамыз! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, тіл дамыту және көркем әдебиет)	дағдыларын қалыптастыру. Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Сиқырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз.(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	дағдыларын қалыптастыру. Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық 09.00-09.15	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Күй күмбірі": "Балапан" (орындайтын Қаршыға Ахмедияров) https://kitap.kz/music/2/qarshyha-axmediyarov-kujler-ii «Өнегелі»: Танысу және сенім. Тақырыбы: «Мен кіммін? Сен кімсің?» Мақсаты: балаларға ашылуға, жақынырақ танысуға, сенім атмосферасын құруға көмектесу.				
		Шаттық шеңбері (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада тәртіп	Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге үйрету. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді	«Балабақша» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну,	"Тап та ата" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Түстерді қабылдау және атай білу қабілеттерін

		сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету); жағымды көңіл-күймен алмасуға мүмкіндіктер жасау, әдептілікке тәрбиелеу.	жатқа айтуға үйрету. Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ. Ойыншықтар тыңдайды, Әмір беріп бұйырсақ. Қуыршақтар ұйықтайды, Айтқаныңнан шықпайды Ал, қозы мен құлыншақ Ұйықта десең ұқпайды. (Н. Әлімқұлов)	сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.	дамыту; түсті білдіретін сөздер арқылы сөздік қорды молайту. Қазақтың төл дауысты дыбыстарын айтуға баулу. Қоршаған ортадағы заттарға қызығушылықты арттыру.
Кестеге сәйкес ҰІӘ 09.15-11.15		Дене тәрбиесі "Қуыршақ Дана сапта тұр" Мақсат-міндеттері. Балаларды сапқа бір-бірден және бірінің артынан бірі тұрып жүруге, жүгіру жаттығуларын жасауға үйрету; сап түзеп тізесін жоғары көтеріп жүру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп жүргенде қимыл үйлесімділігін сақтау қабілетін қалыптастыру; 2-3 метр	Музыка "Ойыншықтар". Мақсат-міндеттері. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу. Әннің сөздік мағынасын түсініп,	Дене тәрбиесі "Әдемі сап түзейміз!" Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі сап түзеп жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүріп, жай қалыпқа түсу, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып жай жүріске ауысу және тізені жоғары көтеріп, денені тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту;	Қазақ тілі "Балабақшаға саяхат". Кел, танысайық!" Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдап, түсінуге, қабылдай алуға үйрету, ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды және қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсінеді және қолдана алады, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

		қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдысын жетілдіру; сап түзеп шеңберге ауысу дағдыларына үйрету. Дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу.	аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау. Қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балаларды мәдени қарым-қатынас ережелеріне тәрбиелеу.	бір-біріне қарама-қарсы отырып допты домалату іскерліктерін жетілдіру; допты домалату (1,5-2 м қашықтықта аяқты алшақ ұстап отырып) жаттығуларын орындау. Дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу.	
		Тіл дамытудан ойын-жаттығулар. "Ойыншықтармен танысу". Балаларға балабақша туралы түсінік беру,	Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Ойыншықтарды жинайық" Мақсат-міндеттері. Балалардың біртекті	Сурет салудан ойын-жаттығулар. "Түрлі түсті доптар" Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі түсті қарындашпен	Құрастырудан ойын-жаттығулар. "Балабақша - біздің үйіміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды құрылыс

		балабақша мен топтың атауларын жатқа айта білуді үйрету. "Сандықтарды жинайық" зерттеу жаттығуы. Сюжеттік ойыншықтармен ойнау. Ертегі оқу. Үстел-үсті театры.	заттарды өзара топтастыру және біреуін бөліп көрсету, бөлмедегі заттарды бір-бірінен ажырату және санын анықтау дағдыларын қалыптастыру; зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту. Үстел басындағы дамыту жаттығуы. "Текшелерді түстеріне қарай жина". Мақсат-міндеттері. Текшелерді түстеріне қарай жинау.	(фломастермен) қағаз бетіне көлемі әртүрлі дөңгелектерді, доптарды, салуды үйрету; дөңгелектерді түзу сызықтармен, нүктелермен безендіру амалдарымен таныстыру; доппен ойналатын ойындар туралы мағлұматтарын кеңейту. (сурет салу) Түрлі түсті доптардың түстерін қазақ тілінде атау. (қазақ тілі) Саусақ жаттығуы. "Түймеше". Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым, Соққылайды томпағым. Түймешені, түймешені, Басып, басып таппадым. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	материалдары кірпіш және призма қасиеттерімен таныстыру жүйесін жалғастыру, жазықтықта орналасу принциптерін пысықтау; текшелерді бір баған тәрізді, бірінің үстіне бірін қойып, қолмен түзеп отыруға, тағы бір текшелерді биік бағанға жан-жақтан тіреп қоюға, текшелер үстіне призмаларды, шатыр тәрізді, құламайтындай, қоюға үйрету; достық туралы ұғым беру. "Балабақшаны қалайық" іс-тәжірибе жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Текшелер мен призмалардан құрылған құрылыс материалдарының жинағынан балабақша құрау.

Серуенге дайындық 11.15-12.20	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Қауіпсіздік. Біз ақылды баламыз, Мұқиятты боламыз: Апайлардың айтқанын Құлақ салып тыңдаймыз: Сапта біз итеріспейміз, Уақытша үндемейміз. Қызықты болса да заттарды Жерден алып көтермейміз. Жерге түскен заттар, тіпті Болу мүмкін қауіпті. Ұялмаймыз - Апайдан сұраймыз. (Д. Ахметова) Қауіпсіздік. Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Апайдың сөзін тыңдайық, Жамандықтан сақ болайық, Қауіпсіздік ережелерін Біліп жүріп орындайық. Бейтаныс жағдай болса - Жасырмай, айтайық. (Д.Ахметова)				
Серуен		Аула құстарын бақылау. (қоршаған әлеммен	Күнді бақылау. (қоршаған әлеммен	Аспанды бақылауды жалғастыру.	Теректі бақылау. (қоршаған әлеммен

		таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Қазақстанды мекендейтін, аулаға ұшып келетін құстар туралы түсініктерін қалыптастыру, Табиғатта, табиғат объектілерін бақылауды қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауға ынталандыру. Торғай, торғай тоқылдақ, Жерден тары шоқып-ап Бөтегесі томпиып Шық-шық етіп отырар. Торғай-торғай тоқтаған, Торғайды торғай мақтаған. Бір торғай ұшса боранда, Бәрі жабылып жоқтаған. - Балалар, біз бақылаған құс қалай аталады? - Бұл құс немен қоректенеді? Қайда	таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Серуендеуге, күнге қызығушылықты ынталандыру. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау, күннің көзіне тура қарауға болматынын ескерту, зерттеуде пленка немесе көк шыныны қолдану. Күнді өлі табиғат түріне жатқызу, күннің жерге жылу, жарық беруін әңгімелеу. "Күн" десек - қолдарды көтерейік, Шапалақ қағып, құшақтасып, күлейік. Аспан төрінде жарқыраған күнге Біз берейік "сәлем" әрқашанда, күнде. (Д. Ахметова) «Өнегелі тәрбие». Еңбек	(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға көк аспанның кеңдігін тамашалауды үйрету; бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін байқау; бұлттың қозғалысын бақылау; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Балаларға жұмбақ шешкізу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтынын немесе ыдырап кететінін бақылау. Жұмбақ. (көркем әдебиет) Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып.	таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру. Тақпақ. Жақсылықты қолдаймыз, Табиғатты қорғаймыз. Терек егеміз бақтарға, Айналасын қоршаймыз. - Балалар, бұл терек ағашы. Терек ағашына жақындау. - Терек - жылдам өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті. Жапырақтары гүлдеген

		мекендейді? Бұл құстың адамға пайдасы бар ма? "Құстар және түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір жерге жиналуға дағдыландыру; ойын барысында кейіпкерлердің рөлін аяғына дейін сомдауға, бір-біріне соғылмай қимылдауға, ережені бұзбауға жаттықтыру; достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	тапсырмалары: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, еңбек құрал-жабдықтарын орнына (қорапқа, қапқа) жинауға баулу; тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті	Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.) Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. "Не жөнінде айтылады?" ойыны. Мақсат-міндеттері. Сын-сипатына қарай табиғат құбылысын шеше білуге машықтандыру (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр бұлттар ұшады, найзағай ойнайды). «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан».	кезде терек жасыл қалпақ киген сиякты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, жеңіл болады, одан қағаз бен сіріңке, ойыншықтар жасайды. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды

